Құттықтаймыз!

Шалқар қаласы
Сисембай Түлкібайұлы ДҮЗЕЛБАЕВҚА
Сізді 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз өзіңіздің еңбегіңізбен көпшілік құрметіне бөленген ардагерлеріміздің бірісіз.

Деніңізге саулық, жан-жағыңызға амандық, жақсылықтар мен игіліктер тілейміз!

Қазақстан Республикасы газ саласы ардагерлер кеңесі.

ЖОБА

ДІНИ ӘДЕБИЕТТІ ЖӘНЕ ДІНИ МАЗМҰНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ, ДІНИ МАҚСАТТАҒЫ ЗАТТАРДЫ ТАРАТУ ҮШІН АРНАЙЫ ТҰРАҚТЫ ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі Е.ТОҒЖАНОВ.

қаулысына 1-қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы

№	Орналасқан жері	Заңды мекенжайы
Ақтөбе қаласы		
1	«Нұрдаулет» сауда үйі	Әбілқайыр хан даңғылы, №46 үй
2	«Планета знаний» дүкені	Әбілқайыр хан даңғылы, №79 үй, №1 пәтер
3	«Электрон» дүкені	Әбілқайыр хан даңғылы, №32 үй
4	«Жилгородской» базары	Бейбітшілік даңғылы, №7 үй
5	«Әнуар» базары	Ш.Қалдаяқов көшесі, №26 а үй
6	«Нектар» сауда үйі	11-шағын аудан, Н.Шәйкенов көшесі, №86 үй
7	«Асыл» сауда үйі	Ж.Досмұхамедұлы көшесі, №25 үй
Хромтау ауданы		
8	«Кәусар» дүкені	Хромтау қаласы, М.Әуезов көшесі, №1 үй
Темір ауданы		
9	Аудандық «Досжан ишан» мешіті жанындағы «Мұсылман тауарлары» сауда нүктесі	Шұбарқұдық ауылы, Н.Байғанин көшесі, №27 үй
Шалқар ауданы		
10	«Сұңқар» сауда үйі	Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, №6 үй

қаулысына 2-қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір актілерінің тізбесі

1. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі №315 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3413 тіркелген) қаулысы;

2. «Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі №315 «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Ақтөбе облысының әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы №406 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3729 тіркелген) қаулысы;

3. «Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі №315 «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі №94 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5473 тіркелген) қаулысы.

Ақтөбе қаласында «Aqtobe su-energy group» АҚ-ның өтінімдері бойынша жария тыңдау өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Тарифті инвестицияға айырбастау» жобасы шеңберінде «Aqtobe su-energy group» АҚ-ның сумен жабдықтау, су бұру және жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне бекітілген тарифтік сметаларына өзгерістер енгізу бойынша жария тыңдау өткізетін болады.

Жария тыңдау 2023 жылғы 8 маусымда жергілікті уақытпен сағат 15.00-де Ақтөбе қаласы, Санкібай батыр даңғылы, 12Б Мәжіліс залы» мекенжайы бойынша өтеді.

Сонымен қатар көптеген мүдделі тұлғалардың қолжетімді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында, жария тыңдау параллелді түрде Департаменттің ресми парақшасында Facebook әлеуметтік желісі арқылы онлайн режимде де өтеді: **http://www.facebook.com/100015441583508.**

Бұл ретте әрбір тұтынушы онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар (материалдар) бойынша департаментке мына телефон арқылы хабарласуға болады: 8 (7132) 97-29-76.

БӨЛШЕК САЛЫҚТЫҢ АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІН ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.05.2023 жылғы №393 Қаулысына сәйкес бөлшек салықтың арнайы салық режимін (бөлшек салықтың АСР) қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесі бекітілді. Осы режимді қолдану үшін ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы Заңның нормаларына сәйкес ҚҚС төлемейтін салық төлеушілер тиісті хабарламаны ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін ұсынуға тиіс екенін еске саламыз.

Осылайша бұрын жарияланған түсіндірмеге қосымша, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген салық режиміне көшу үшін ҚҚС төлемейтін салық төлеушілер ағымдағы жылдың 10 маусымына дейін қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны қоса беруі қажет екенін хабарлаймыз.

Хабарлама салық төлеушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына ұсынылады. Хабарламаны салық төлеушінің кабинеті арқылы ұсынуға болады.

Бұл ретте 01.01. 2023 жылдан бастап ретроспективті түрде бөлшек салық АСР-ге көшу үшін «Бөлшек салық АСР-ге G.» хабарламасының 2-бөлімінде «АСР қолдану шарттарына сәйкес келмейтін В.» жолында себебін және 01.01.2023 ж. күнді көрсету қажет, бұл осы режимді осы күннен бастап қолдануға мүмкіндік береді.

Көрсетілген салық режиміне көшу үшін ҚҚС төлеушілер хабарламаның көрсетілген күніне дейін («Бөлшек салықтың АСР-не G.» 2-бөлімінде және «Ерікті шешім қабылдау А.» себептерін белгілей отырып), қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясын және ҚҚС бойынша есептен шығару туралы салықтық өтінішті МКБ-на ұсынады.

Мемлекеттік кірістер департаменті жоғарыда аталған барлық құжаттарды МКБ-на қағаз жеткізгіштерде, пошта арқылы немесе «Е-Өтініш» АЖ арқылы ұсынуға болатынын хабарлайды.

Ағымдағы жылдың 9 маусымынан кейін бөлшек салық АСР-не көшу жалпы қабылданған ережелер бойынша, яғни қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынылған айдан кейінгі айдың 1-күнінен бастап жүзеге асырылатынын хабарлаймыз.

Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті.

Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті салық төлеушілердің назарына жеткізеді!

Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында фискалды деректер операторларымен, БКМ өндірушілерімен және жеткізушілерімен бірлесіп, деректерді онлайн БКМ-нен фискалдық деректер операторларының («Қазақтелеком» АҚ, «Трансгелеком» АҚ, «Jusan Mobile» АҚ, «КаР-Тел» ЖШС) серверіне беру 2.0.2 нұсқалы хаттаманы жасау бойынша жұмыстар жүргізді.

2.0.2 хаттамасының артықшылығы:

1. Клиенттің талабы бойынша фискалды чекте сатып алушының ЖСН/БСН көрсету мүмкіндігі. Егер сатып алушының чегінде ЖСН немесе БСН көрсетілсе, онда 1 000 АЕК-тен асатын мәмілелер бойынша ҚҚС төлемейтіндер үшін мұндай чек электронды шот-фактураның орнына КТС шегеруге арналған растаушы құжат болып табылады;

2. Төлемнің жаңа түрі қосылды — мобильді төлем;

3. Тауардың атауын көрсету мүмкіндігі.

Салық заңнамасын сақтау мақсатында, онлайн БКМ-нің хаттаманың 2.0.2 нұсқасына сәйкестігін тексеру қажет.

Егер онлайн БКМ 2.0.2 хаттамасынан басқа хаттамаларда жұмыс істейтін болса, онлайн БКМ-ні 2.0.2 нұсқасының хаттамасына алдын ала қайта бағдарламалау қажет.

Сондай-ақ жалпыға бірдей 2.0.2 хаттамасына көшу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде, 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 1.2.3 нұсқалы хаттаманы бұғаттау жоспарланып отырғанын хабарлаймыз. Осыдан кейін 72 сағат ішінде БКМ дербес режимде жұмыс істейтін болады. 72 сағат өткеннен кейін БКМ деректерді ФДО-ға жібермейді.

«Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 284-бабының 3-тармағына сәйкес бақылау-кассалық машинаның чегін немесе тауар чегін бермеу не бақылау-кассалық машинаның чегін немесе тауар чегін тауарға немесе көрсетілетін қызметке төленген сомадан артық немесе кем сомаға беру — ескертуге әкеп соғады, ал бір жыл ішінде қайталап әрекет жасалған жағдайда айыппұл салынатынын қосымша хабарлаймыз.

Қосымша сұрақтар бойынша онлайн БКМ тіркелген ФДО байланыс орталығына мына нөмірлеріне хабарласуыңызды сұраймыз:

- «Қазақтелеком» АҚ – 8 800 080 00 51, 8 727 259 00 51, 8 7172 59 00 51;
- «Трансгелеком» АҚ – 8 7172 647-647 немесе 1702;
- «Jusan Mobile» АҚ – 8 727 2 377-777;
- «КаР-Тел» ЖШС – 8 727 321 03 03, 8 7172 73 83 83 немесе 2106.

Қуандыр БАЙМЕНОВ

Еңбек ардагері, Қазақстанның Еңбек Ері Құралай Байменованың жұбайы, ішкі істер органдардың зейнеткері Қуандыр Әлиұлы Байменов ұзақ науқастан кейін 75 жасында дүниеден озды.

Қуандыр Әлиұлы Қобда ауданы Ортақ ауылында 1948 жылы дүниеге келген. Бөрлі ауылшаруашылық техникумын, Орал ауылшаруашылық институтын бітіргеннен кейін ұзақ уақыт «Казсельхозтехника» саласында жетекші маман, бас инженер болып жұмыс жасаған.

Кейін ішкі істер бөліміне қызметке шақырылып, бұл қызметті де абыроймен атқарды. Қобда, Октябрь (қазіргі Мұғалжар) аудандық мемлекеттік жол инспекциясында басшылық қызметтерде болды. Зейнетке шыққаннан кейін мұнай өндіру мекемелерінде еңбек етті.

Қуандыр Әлиұлы жұбайымен 50 жыл отасып, ұл мен қызды тәрбиеледі, немерелері өсіп келеді. Ол отбасының тірегі, мейірімді, қарапайым, еңбекқорлығымен ерекшеленген нағыз ер-азамат болды.

Қуандыр Әлиұлы әріптестері арасында лайықты беделге ие жан еді. Ол үлкен адамгершілігімен, шынайы ақылдылығымен және жоғары кәсібілігімен ерекшеленді, сондай-ақ өзінің тәжірибесінің, білімінің, жоғары моральдық-этикалық қағидаларды ұстануының арқасында айналасындағы адамдарға көп жәрдемін тигізді.

Мәңгілік сапарға аттанған абзал азаматты елі ұмытпайды. Оның жарқын бейнесі жұртшылықтың жадында әр кез сақталады.

Е.Тоғжанов, Е.Сағындықов, А.Мұхамбетов, Б.Сапарбаев, О.Оразалин, Г.Сүйінтаева, М.Абдуллин, Б.Елеусінова, М.Жөребеков, М.Жұмағазиев, Б.Қаниев, А.Нұғманов, Ғ.Елеуов, Д.Еспаева, А.Садықов, Е.Данағұлов, Л.Оразбаева, Б.Құлов, Л.Есмағамбетова, А.Жүсібалиев, К.Бірманов, С.Қалдығұлова, С.Шаңғұтов, А.Мырзалин, Е.Есенбаев, С.Ботағарин, М.Жекеев, Е.Құрманбек, Н.Абдоллаев, Б.Ахан, А.Тайжанов, Т.Талаева, А.Дүйсенова, Р.Отыншин, С.Бақытжанов, Ғ.Дәулеталин, А.Жантикенов.

«Адал-Арна Ачисай» ЖШС

Экологиялық кодексіне сәйкес 14.07.2023 ж сағ. 11.00-де. Ақтөбе облысы Біршоғыр ауданы Біршоғыр ауылы, Мәдениет үйі ғимаратында, Тихонов көшесі, 3 мекенжайында «Адал-Арна Ачисай» ЖШС-на арналған атмосфералық ауаға жол берілетін шығарындылар нормативтері жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдалым өтетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ және «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында **https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru** танысуға болады.

Бастамашы – «Адал-Арна Ачисай» ЖШС, БСН: 160840024835, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы, М.Ихсанов көшесі, 44/4 үй, 208-бөлме, тел.: 87017911232.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «Экопроект» ЖК, ЖСН:810614400436, Орал қ, Некрасов көшесі, 29/1А үй, 17-офис, тел.: 8 (7112)514430.

Сонымен қатар барлық ұсыныстар мен ескертулер бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ қоғамдық тыңдалым өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімінде қабылданады.

Төтенше жағдайлар немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдалым онлайн режимде өткізіледі. Бөлсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ және «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында беріледі. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: БҚО Орал қаласы, М.Ихсанов көшесі 44/4 үй, 208-бөлме, тел.: 87017911232.

Ақтөбе қалалық сотына Лариса Петровна Федорова Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 273/53 мекенжайының тұрғыны 07.11.1949 жылы туған өзінің анасы Федорова Валентина Ивановаы Ресей Федерациясы, Орынбор облысы, Соль-Илецк ауданы, Изобильное селосы тұрғыны (кейінгі мекенжайы Ақтөбе қаласы, Ливенцов көшесі, 2-үй, 11-пәтер) қайтыс болды деп санау туралы өтініш түсірді.

Валентина Ивановна Федорованың болған жері туралы немесе басқа да деректерді білетін адамдардың бұл туралы сотқа осы жарияланым шыққан күннен үш ай мерзім ішінде мына мекенжайға хабарлауы сұралады: Ақтөбе қаласы, Сәтпаев көшесі, 16-үй, телефон: 8 (7132) 56-85-07, e-mail: 713-1296@sud.kz

Ақтөбе облысының әкімдігі және облыстық мәслихат есімі елге белгілі азамат, қазақ күресінен Ақтөбе облысы бойынша тұңғыш спорт шебері, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің құрметті профессоры, Әйтеке би ауданының құрметті азаматы

Зейнолла ТӨЛЕУТАЕВТЫҢ

дүниеден озуына байланысты отбасына, бала-шағасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақ спортының дамуы мен жастар тәрбиесіне елеулі үлес қосқан аяулы ұстаз, ардақты ақсақал, ардагер спортшы Зейнолла ағамыздың жарқын бейнесі мәңгі есімізде болады.

Әйтеке би ауданындағы Жүргенов ауылының тұрғыны, елге сыйлы азамат, қадірлі ініміз, досымыз, ағамыз Ақансері Ермағанбетке, балаларына, ағайын-туыстарына зайыбы

Раушанның

дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Жақсылық-Тыным, Есімхан-Дәметкен, Серік-Сәнқатша, Сұлтан-Орын, Ыбырайхан-Бәкиза, Жанғабыл-Бәдигүл, Қуаныш-Роза, Құмар-Күмісай, Зина, Дүйсенбай-Дина, Қанипа, Ғизат-Роза, Рақым-Гүлвира.

АҚТӨБЕ облыстық қоғамдық-саяси газет

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №KZ70VPY00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары Мейрамгүл САТАЕВА

Жауапты хатшы Мұратбек ЕРЖАҚЫПОВ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64

Тілшілер Ақерке САТЫБАЛДЫ, Талғат ТІЛЕУЛЕСОВ, Насиба ЗАРЛЫҚОВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Самат НАРЕГЕЕВ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ
Фототілші Хайреден РАУШАНОВ

КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ:

Беттеушілер Нұрша БИДАНОВА, Динара САНГУЛОВА, Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар Қалдығүл МЫРЗАТАЕВА, Ақбота АҚДӘУЛЕТОВА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67
Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

Мекенжайымыз: 030007, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 14941 Тапсырыс №784

Нөмірдің кезекші редакторы Самат Нарегеев